



«Богатырь Аксес Көмір» ЖШС-нің 10 жылдығы қарсаңында

# ЖАНДЫ ЖҰМЫСТЫ ЖАНЫМ СҮЙЕДІ

«Басқару билігін» өз әріптесіне тапсырып, Богатырь кешенінің ауысым бастығы Сергей Воробьев он екі сағатта атқарылған жұмыстар жайында баяндау үшін кеніш директорына кетті. Тіпті осыдан соң да ол өзін жеңіл сезіне алмады: басы әлі де түрлі ақпараттарға толы. Түнгі ауысымнан шыққан оған бұл ақпараттардың түкке де қажеті жоқ. Сондықтан жақсылап тұрып ұйықтап алған жөн. Шамамен бір сағаттан соң ол үйіне жетеді, аз-маз тамақтанып, жуынып-шайынған соң жастыққа бас қояр. Бұдан кейін оны ештеңе де қызықтырмайды.



Сергей Воробьевке кенші мамандығы әкесінен қалған мұрадай. Ол «Богатырь» кенішінің тұңғыш бас инженері Александр Иванович Воробьевтің ұлы. Мамандық таңдауға әкесінің еш қатысы болған жоқ дегенімен, оның туып-өскен ортасы өзінің болашағын белгілеп берудің зор ықпал еткенін Сергей мойындайды.

-Әлі есімде, мен шамамен он жаста бо-

лып әскери борышымды өтеп жүріп, комақты еңбек-ақы алдым. Ол кезде мұндай ақшаға «Москвич» көлігін алуға болатын еді», - деп есіне алады Сергей.

Әскерден оралған соң әке-шешесінің оқуға түс дегеніне қарамас-тан, Сергей «Богатырь» кенішіне слесарь болып жұмыс-

қа тұрады. Конвейерлік лентаны қосу үшін заклепқалар жасады, шағын тораптар мен экскаватор агрегаттарын жөндеуден өткізіп тұрды.

-Өз табысым болды, ата-анаммен бірге тұрып жатсам да, өзімді оларға тәуелсіз сезіндім, - деп есіне алды Сергей отыз жыл бұрынғы өмірін, - жолдас-жораларыммен бірге іше бастадым... «Богатырь» кенішінің бас механигі Серік Шешембековты кездестіргенде, оның немен тыңнап білмеймін. Ол маған әкелі айтып жатпа-

Тау-кен инженерінің дипломы инженерлік-техникалық лауазым орынына жол ашты, бірақ Сергей өзгеше ұйғарымға келді:

-Мен ол кезде өмірді қайта бастағым келді. Егер әлдебір лауазым орнына отыруды маңдайыма жазып тұрса, оған жеткізер жолды мен төменнен бастауым қажет деп шештім. Сол себепті де Владимир Мұқышев, кейіннен Александр Федотов бригадирлік еткен №46 экскаватор машинисінің көмекшісі болып жұмысқа тұрдым. Бұл бригадала жұмыс істеу мәртебе саналатын, өйткені бригада ұжымы үнемі жоқпарды артығымен орындап, комақты еңбекақы алатын. Бригададағылардың бәрі дерлік жоғары білімді мамандар болды. Тау-кен өндірісі аса күрделі механизм, ал егер оны жетік меңгермеген болсаң, сенің жоғары біліміңнің құны бес тиын болмақ.

Екі жылдан соң «Богатырьдің» сол кездегі директоры Петр Лысенко Сергейге №1 кен алу учаскесінің тау-кен мастері лауазымын ұсынды. Мұнда Воробьев тапжылмастан он жыл қызмет етті. Бір орында көп отырып қалды дерсіз? Болса болар. Қазір Сергей осы жылдарды мақтанышпен есіне алады:

-Тау-кен мастері болып менен ұзақ ешкім де қызмет етпеген.

1996 жылдың басында оны «Богатырь» кенішінің ауысым бастығы қызметіне тағайындады. Бұл «Богатырь» кеніші үшін аса зор жылдар

кен-ді.

-Еңбек демалысына «Екібастұзкөмір» МАҚ-нан шықтым, - деп әңгімелейді ол, - келсем, мұнда «Богатырь Аксес Көмір» ЖШС. Танертенгілік жұмысқа келсем, мұндағылар маған: «Воробьев, барып киіміңді ауыстыр, сен енді ауысым бастығы болдың» деді. Қалай? Неге? Мұны кім шешті? Менің келісімімсіз... Оның анық-қанығына жетуге уақыт болмады. Бұйрыққа бағындым. Содан бері міне, ауысым бастығы болып қызмет етіп келемін.

Жұмыстың жаңа қарқынына ілесу оңай болған жоқ, әсіресе, демалыстан соң. Дегенмен бір кездегі ауысым бастығының тәжірибесі қажетке жарады. Салыстыруға да мүмкіндік берілді.

-Жұмыс күрделене түсті, - дейді Сергей, - бұрын бізде адрестік жеткізу болмайтын. Кеніште мөлшерлеу техникасы да болған жоқ, өйткені темір жол вагон арту жұмысына, ал тұтынушылар көмірдің сапасына соншалық мән бере қоймайтын. Енді бәрі де өзгеше...

... Мен бірталай рет ауысым бастығының жұмысын бақыладым. Және әр кез сайын оның жұмысының қарқындылығына таң қалдым. Телефон қоныраулары тынымсыз шырылдап жатады: біреулер

-Әлі есімде, мен шамамен он жаста болармын, әкем Екібастұз қаласына жиі іс-сапарға кетіп жүрді. Ол кезде, алпысыншы жылдары, біз Оралдағы Карпинскіде тұратынбыз. Әкемді дүниежүзінде ең үлкен көмір кенішін салуға жұмысқа шақырғанын, ол кеніш «Бога-тырь» деп аталатынын білдім. Сөйтіп, 1969 жылы біз отбасымызбен Екібастұзға көшіп келдік.

Мұнда келген соң қарындасым екеуіміз әкемізді көруден қалдық: ол ертемен жұмысқа кетеді, жұмыстан келгенде біз ұйықтап жататын едік. Кейде бір сәтке үйде отырып қалса болғаны үнемі жұмыстан телефон шалып, әлдебір өндірістік мәселелерді шұғыл шешу қажет болып жататын. Кісі қызығарлық өмір болған жоқ. Сол жылдары бүкіл елдің назары салынып жатқан кеніште болды. Мұнда ығи да КСРО-ның көмір өнеркәсібі министрлігінің басшылары, тіпті үкімет басшылары да келіп жататын. Жаңа салынып жатқан «Богагырь» кенішінде бірнеше рет Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің бірінші хатшысы Динаш Ахметұлы Қонаев та болды. Бұл әрине әкемнің жауапкершілігін арттыра түсетін. Дегенмен, әкем бірталай рет мені де кенішке алып келіп жүрді. Мұнда мен болашақ көмір алпауыты жайлы көп білдім. Бір кездері әкеммен бірге жұмыс істеген жандардан ол туралы небір игі лебіздер есту мен үшін үлкен қуаныш.

Десек тағы, Сергей дәрігер болуды армандаған екен, тіпті онжылдықты бітірген соң медицина институтқа құжат тапсырған екен. Бірақ онысынан түк шықпады, Сергей конкурстан өте алмайды. Үйге қайтып келгеннен кейін әскери борышын өтеуді ұйғарады. Сөйтіп ол құрылыс әскерінің қатарына алынады. Ол кезде құрылысшы әскер қатарында болу мәртебе саналмайтын, алайда Сергей оған еш реніш білдірмеді. Әскер қатарында жүріп, құрылысшы мамандығын меңгеріп алған оның осы қабілеттері әскерден соң да өз қажетіне жарады. Тіпті зор пайдасы болған: «Құрылысшы бо-

шембековты кездестірмегенде, оның немен тынарын білмеймін. Ол маған ақыл айтып жатпады, тек: «Сергей-ау, әкенді жерге қаратқаның ба?» делі. Оның сөздерінде сүйектен өтердей зіл бар еді. Аса құрметті әрі зиялы, бүгінде Екібастұздың бір көшесіне есімі берілген осы бір жанның алдында ұяттан өртеніп кете жаздадым. Келесі күні Мәскеу тау-кен институтына оқуға жолдама беруді сұрап өтініш жаздым. Алдымен даярлық бөліміне түстім, кейіннен институт студенті атандым. Кейде: «Сол кезде Серік Шешембекұлын кездестірмегенімде, менің бүгінгі өмірім қандай болар еді?» деген ойға қаламын.

Сергей оқуға бар ынтасын салды, әр жаз сайын «Богагырь» кенішінде өндірістік тәжірибешіліктен өтіп тұрды, Екібастұзға екі рет құрылысшы студенттер отряды құрамында келді. Сексенінші жылдардың басында «Екібастұзкөмір» өндірістік бірлестігінде кәсіпорын жұмысшыларына арнап шаруашылық әдіспен тұрғын үй салу жұмыстары қолға алынған болатын. Міне, осы салада Сергейдің әскерде үйренген кәсібі қажетіне жарады. Студенттердің ішінен кәсіби құрылысшы мамандығын игерген жалғыз Сергей болғандықтан, оның беделі де үстем болатын.

-Қонаев көшесімен өтіп бара жатып, бір кездері өз қолыммен тұрғызған үйлерді көріп, кірпіштердің әдемі қаланғанына өз-өзімнен риза болатыным бар,-дейді Сергей.

Сергей Воробьев Екібастұзға сексен төртінші жылы тау-кен инженері дипломымен оралды.

шның ауысым бастығы қызметіне тағайындалды. Бұл «Богагырь» кеніші үшін аса ауыр жылдар болатын, көмір өндіру деңгейі күрт төмендеп, жұмысшылар жалақыларын бірнеше айлап ала алмай, көптеген білікті кеншілер жұмыстан шығып, тіпті қаладан да көшіп кетіп жатқан кез. Кеніш шетелдік инвесторға беріледі екен деген ду-ду әңгіме желдей ескен. Сол себепті де Сергей қызметіне құлшына кіріскен-ді. Жаңа істі енді-енді меңгере бастағанда, оны қайтадан кен алу учаскесінің тау-кен мастері етіп қояды. Алайда ауысым бастығының қызметі жайлы бірталай нәрсені біліп қалды.

-Тау-кен мастері үйтіп-бүйтіп демалуға бірер минут уақыт тапса, ауысым бастығының сіңбіруге мұршасы келмейді: бүкіл кәсіпорынның жүздеген адамның жұмысы оның жұмысына, ол берген бұйрықтар мен есептерге байланысты,- дейді Воробьев,- ал түнде ауысым бастығы кәсіпорын директорының да қызметін атқарады. Бұл өте үлкен жауапкершілік.

96 жылы мынадай бір ғажайып оқиға болды. Қазан айында ол кезекті еңбек демалысына кет-

тініп сол қалдым. Тасқарып қонырауларым тынымсыз шырылдап жатады: біреулер оған сауалдар қойса, біреулерден оның өзі жағдайды сұрап жаталы, енді бірде тау-кен техникасының орнын ауыстыру туралы диспетчерге бұйрық береді, экскаватор машинистеріне тасымалдануға тиіс көмір кезегі келіп жеткенін хабарлайды.... Бұл ақпараттардың барлығын бір баста сақтап қалу оңай болмас. Ол үшін дамыған кеністіктік ойлау қабілеті қажет шығар. Бұл ойыммен Сергей келісті. Бірақ:

-Өндірістік барлық баспалдақтардан өткенім маған көп көмек жасайды, сол себепті де мен әр қилы жағдайда дұрыс әрі тез шешім қабылдай аламын. Өз еңбек жолымды қарапайым слесарьлықтан бастағаным бекер болмапты... Мен қызықты да жанданған жұмысты жақсы көрем, ал ауысым бастығы мамандығы нағыз сондай жұмыс.

Василий Матвеев



«Богагырь» кенішінің бас инженері Александр Иванович Воробьев (ортада) кенішке Қазақстан Орталық Компартиясының бірінші хатшысы Д.Қонаев келген кезде, және оның ұлы «Богагырь» кенішінің ауысым бастығы Сергей Воробьев.